

**"Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін шарттармен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 21 қазандағы № 474 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қызылорда облыстық мәслихатының 2023 жылғы 24 сәуірдегі № 14 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 4 мамырда № 8390-11 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2024 жылғы 23 қазандағы № 120 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 23.10.2024 № 120 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Қызылорда облысы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін шарттармен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша беру туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2020 жылғы 21 қазандағы № 474 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7771 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасындағы 4 және 8 жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

4	Ювенильді идиопатиялық артрит (балалардағы )	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Арудың полиартритикалық формасы мен жүйелер бойынша зақымдану клиникалық белгілерінің болуы, этиотропты генді-инженерлік биологиялық дәрілік препаратты ем ретінде қолдану	- Адалимуаб, инъекцияға арналған ерітінді; - Инфликсимаб, инфузия үшін ерітінді дайындауға арналған лиофилизат; флакон ; - Циклоспорин
			Туа біткен ферментопатия кезіндегі	- Панкреатин 10000 ЕД/150 мг; - Панкреатин 25000 ЕД/300 мг;

8	Целиакия	Диспансерлік есепте тұрған балалар	алмастырғыш дәрілік препарат. Өмір сапасын жақсартады және өмір сүру ұзақтығын ұзартады	- Глютенсіз, жұмыртқасыз, сүтсіз нан пісіруге арналған ұн қоспасы; - Глютенсіз, жұмыртқасыз, сүтсіз макарон
---	----------	------------------------------------	---	--

көрсетілген шешімнің қосымшасы 29 жолымен толықтырылсын:

29	Нейрофиброматоз 1 типті, плексиформды түрі	Диспансерлік есепте тұрған балалар	Өмір сапасын жақсартады және өмір сүру ұзақтығын ұзартады	- Селуметиниб
----	--	------------------------------------	---	---------------

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы*

*Н. Байкадамов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК